

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 25 мамырдағы № 180/25-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 маусымда № 28337 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру және оны сипаттау қағидасын бекіту туралы" 2016 жылғы 27 желтоқсандағы № 100/14-V (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1090 болып тіркелген) шешімі;

2) "Астана қаласы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметтік куәлігін беру қағидаларын және оның сипаттамасын бекіту туралы" Астана қаласы мәслихатының 2016 жылғы 27 желтоқсандағы № 100/14-V шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 434/55-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1249 болып тіркелген) шешімі.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатның хатшысы

Е. Каналимов